

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Гистология кафедрасы	Пікір

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
С.Р.Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасының оқытушылары
даярлаған
«Адам анатомиясы» оқулығына

Пікір

Авторлары: лектор Шакенов Б. Ш., м.ғ.к., доцент Ахмад Н.С.,
м.ғ.д., профессор Досаев Т.М., лектор Ысқақова Л.Ә.

С.Р.Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасының оқытушылары лектор Шакенов Б. Ш., м.ғ.к., доцент Ахмад Н.С., м.ғ.д., профессор Досаев Т.М., лектор Ысқақова Л.Ә. даярлаған оқулық «Адам анатомиясы» деп аталады.

Өте ауқымды оқулықта сәйкесінше барлық жүйелерге толық сипаттама берілген. Тілі түсінікті, әрі қарапайым жазылған. Медицина университеттерінде оқып, білім алып жүрген студенттерге таптырмайтын құрал екеніне күмән жоқ. Оқулықты жазып, ұсынып отырған авторлар талай жыл өз еңбектерін тек адам анатомиясына арнаған аса тәжірибелері 20 жылдан аса тәжірибелері бар профессор, оқытушылар құрамы болып табылады. Сондықтан бұл оқулықта авторлардың талай жылғы еңбектерінің нәтижелері көрініс тапқан. Оған дәлел талай жылдар кафедра меңгерушісі қызметін атқарған профессор м.ғ.д. Т.М.Досаевтың ғылыми ізденістерінің нәтижесінде туындаған деректер иммундық жүйе мүшелерінің сипаттамасына енгізілген. Сонымен қатар өзіндік сызбалары беріліп отыр. Қазақ терминологиясының да баламалары соңғы талаптарға сай берілген. Анатомиялық терминдер, академик А.Р.Рақышевтың «Адам анатомиясының атласы» (Алматы, 2006 ж.) мен «Адам анатомиясындағы халықаралық атау – терминдер» (2011ж.) деп аталатын еңбектердіндегі, көбі қолданысқа еніп, қалыптасып кеткен атаулар негізінде берілген. Оқулықтың құрылымы 11 тарауға бөлінген дәстүрлі түрде беріліп отыр. Ол анатомия кафедраларының жұмыс бағдарламалары мен қолданыстағы оқу жоспаларын ескере отырып жасалған, ҚР ДСМ ОМЖБС – ның анатомиядан «Медицина» және «Педиатрия» мамандықтары бойынша қойған талаптарына сәйкес келеді.



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА»

Гистология кафедрасы

Пікір

Редакция: 1

«Адам анатомиясы» оқулығын медициналық жоғары оқу орындарының қазақ бөлімінің студенттері, резиденттер, магистранттар және дәрігерлер қолдануларына болады.

Түрлі-түсті суреттер, сызбалар оқулықтың мазмұнын аша түсері анық. Өзге оқулықтардан алынған суреттерге, соңғы әдебиеттерге де сілтеме жасалған. Адам анатомиясы оқулығына 2 пікір берілген. Олар Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, қалыпты анатомия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент С.Б.Рахманов және ҚазҰМУ патологиялық анатомия кафедрасының профессоры Ж.Б.Ахметов.

Оқулықтың бірегейлігі антиплагиат жүйесі бойынша 78,5%.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып «Адам анатомиясы» оқулығын ЖМ ББК-де бекіту үшін ұсынып отырмын.

ЖМ ББК мүшесі,

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

гистология кафедрасының меңгерушісі

м.ғ.к., доцент



Ерғазина М.Ж.